

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и
строительства

МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ТҮГЕНДЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ИНВЕНТАРИЗАЦИИ ЖИЛИЩНОГО ФОНДА

Ресми басылым

Издания официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс
және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2024

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «САПА СТРОЙ АСПЕКТ» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** 2024 жылғы «30» желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің № 172-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** Қайта өңделген

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** ТОО «САПА СТРОЙ АСПЕКТ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от «30» декабря 2024 года № 172- НҚ
- 4. ВЗАМЕН** Переработанное

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Түгендеудің мақсаттары мен міндеттері	4
5 Жалпы ережелер	4
6 Кондоминиумның ортақ мүлкінің құрамы	8
7 Ортақ мүлктің техникалық жай-күйін анықтау әдістері	10
8 Кондоминиумдардың ортақ мүлкінің техникалық жай-күйін айқындауды ұйымдастыру тәртібі	14
А қосымшасы (ақпараттық) <i>Үй-жайлар иелерінің ортақ мүлкі құрамының үлгілік нысаны</i>	17
Б қосымшасы (ақпараттық) <i>Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамы мен жай-күйі</i>	21
В қосымшасы (міндетті) <i>Ғимараттың техникалық жай-күйін тексеру жөніндегі қорытындының нысаны</i>	29
Г қосымша (міндетті) <i>Ғимараттың техникалық жай-күйін кешенді тексеру жөніндегі қорытындының нысаны</i>	30
Д қосымшасы (міндетті) <i>Техникалық жай-күйін тексеру кезінде толтырылатын немесе нақтыланатын ғимарат (құрылысжай) паспортының нысаны</i>	32
Библиография	34

**ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ТҮГЕНДЕУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ИНВЕНТАРИЗАЦИИ ЖИЛИЩНОГО ФОНДА**

Енгізілген күні – 2024-12-30

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы әдістеме ортақ мүліктің нақты жай-күйі мен жобалау сипаттамалары арасындағы сәйкессіздіктерді уақтылы анықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, азаматтардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін қатерлерді сақтау мақсатында тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) ортақ мүлкінің техникалық жай-күйін бағалау процесін ұйымдастыру үшін қолданылады.

1.2 Ортақ мүліктің техникалық жай-күйін бағалау тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) жай-күйін есепке алу және талдау, оларға қызмет көрсету үшін қажет. Бұл тұрғын үй қорын тиімді басқару үшін, сондай-ақ ғимараттарды сақтау, қалпына келтіру, қайта құру немесе бұзу шараларын негіздеу үшін маңызды. Осындай деректердің негізінде жұмыстардың құрамы айқындалады, жұмыс жоспары, сондай-ақ ортақ мүлікті ұстау кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі (бұдан әрі – жұмыстар құрамы) жасалады және түзетіледі.

1.3 Әдістеме жергілікті атқарушы органдарға, мамандандырылған уәкілетті ұйымдарға, тұрғын үй ғимараттарының, жобалау ұйымдарының, кондоминиум объектілерін басқару нысандарының жай-күйін техникалық куәландыруды және бағалауды жүзеге асыратын сарапшыларға, тұрғын үй қорын түгендеуге және жаңғыртуға қатысатын жеке тұлғаларға арналған.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы әдістемелік нұсқауларды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңы.

"Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 246 бұйрығы.

"Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығы.

"Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығы.

"Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығы.

"Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығы.

"Тұрғын үй инспекциясының көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісін басқару үшін уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 149 бұйрығы.

"Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өңдеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 31 наурыздағы № 172 бұйрығы.

ГОСТ 31937-2011 Ғимараттар мен құрылысжайлар. Техникалық жай-күйді тексеру және мониторингілеу қағидалары¹.

ҚР ЕЖ 1.04-101-2012 Ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін тексеру және бағалау.

ҚР ЕЖ 1.04-102-2012 Ғимараттар мен құрылыстардың физикалық тозуын бағалау ережелері.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативтерді пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылғы жағдай бойынша құрылатын және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес келетін "Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі", "ҚР ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы" және "Мемлекетаралық стандарттар каталогы" ақпараттық каталогтары бойынша сілтемелік құжаттардың қолданысын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Әдістемеді мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

3.1 Авариялық жай-күй: Негізінің топырақтарының жай-күйін қоса алғанда, жалпы, жүк көтергіштігінің болдырғаны және құлау қаупі туралы растайтын зақымданулармен және деформациялармен сипатталатын және (немесе) объектінің орнықтылығының жойылуына әкеп соғуы мүмкін қисаюмен сипатталатын, негізінің топырағының жай-күйін қоса алғанда, құрылыс конструкциясының немесе жалпы ғимарат пен құрылысжайдың техникалық жай-күйінің санаты.

3.2 Визуалды қарап тексеру: Тексерілетін мүліктің техникалық жай-күйіне шамамен бағалау алу мақсатында қандай да бір арнайы аспаптар мен құралдарды қолданбай жүргізілетін тексеру.

3.3 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – Көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектері мен инженерлік жабдықтарын көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын жаңа немесе неғұрлым берік және үнемді етіп ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

3.4 Көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиумы (бұдан әрі - кондоминиум): Пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, тұрақ орындары, қоймалар жеке (бөлек) меншікте болатын, ал жеке (бөлек) меншікте болмайтын бөліктері пәтер, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, ортақ үлестік меншік құқығындағы қоймалардың, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бірыңғай бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесінің меншік иелеріне тиесілі болатын, Қазақстан Республикасының

¹ Орынына ГОСТ 31937-2024 енгізіледі.

заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген меншік нысаны.

3.5 Тексеру: Ғимараттар мен құрылысжайларды бұдан әрі пайдалану мүмкіндігін немесе конструктивтік жөндеу қажеттігін анықтау мақсатында, олардың пайдалану жай-күйін, жарамдылығын, жұмысқа қабілеттілігін және энергия тиімділігін сипаттайтын бақыланатын параметрлердің нақты мәндерін анықтау және бағалау жөніндегі іс-шаралар кешені.

3.6 Кондоминиум объектісі: Жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан және жеке (бөлек) меншікте бола алмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, ортақ үлестік меншік құқығындағы қоймалардың меншік иелеріне тиесілі ортақ мүліктен, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бірыңғай бөлінбейтін жер учаскесінен және (немесе) үй жанындағы жер учаскесінен тұратын бірыңғай мүліктік кешен.

3.7 Техникалық жай-күйді бағалау: Сандық бағаланатын белгілердің нақты мәндерін жобада немесе нормативтік құжатта белгіленген сол белгілердің мәндерімен салыстыру негізінде құрылыс конструкцияларының немесе жалпы алғанда, ғимараттар мен құрылысжайлардың, оның ішінде негізінің топырағының жай-күйінің зақымдану дәрежесін және техникалық жай-күйінің санатын белгілеу.

3.8 Пәтерлер, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі - жиналыс): Дауыс беру арқылы кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің ұжымдық талқылауын және шешімдер қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы.

3.9 Мамандандырылған ұйым: Қолданыстағы заңнамамен ғимараттар мен құрылысжайларды тексеру және мониторингілеу жұмыстарын жүргізуге уәкілетті жеке немесе заңды тұлға.

3.10 Ғимараттардың (құрылысжайлардың) ағымдағы техникалық жай-күйі: Ғимараттар мен құрылысжайларды тексеру немесе жүргізілетін мониторинг кезеңі сәтіндегі олардың техникалық жай-күйі.

3.11 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу: Нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген, мерзімінен бұрын тозуын болдырмау және ақауларды жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің құрамдас бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстардың кешені.

3.12 Техникалық түгендеу: Техникалық есепке алу объектілерінің орналасқан жерлері, сандық және сапалық құрамы, техникалық жағдайы, абаттандыру деңгейі және тиесілігі туралы, сондай-ақ осы көрсеткіштердің уақыт бойынша өзгеруі туралы оларды жүйелі тексеру арқылы ақпарат алу.

3.13 Бірегей құрылыс объектісі: Осы объект үшін арнайы техникалық шарттарды (ерекше нормаларды) әзірлеу, келісу және бекіту қажеттілігін айқындайтын мемлекеттік немесе мемлекетаралық техникалық регламенттер мен жобалау және құрылыс жөніндегі нормативтік-техникалық талаптар белгіленбеген, ерекше, бұрын жеке не жиынтықпен қолданылмаған сәулет, көлемдік-жоспарлау, конструктивтік, инженерлік немесе технологиялық шешімдермен сипатталатын ғимараттар, құрылысжайлар мен олардың кешендері;

3.14 Кондоминиум объектісін басқару: Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелерінің қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын жасауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін тиісінше күтіп-ұстауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалану мәселелерін шешуге және коммуналдық қызметтер көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені [1].

3.15 Физикалық тозу (конструкцияның, элементтің, инженерлік жабдықтар жүйесінің, ғимараттың немесе жалпы құрылысжайдың): Табиғи-климаттық және техногендік факторлардың әсерінен олардың бастапқы техникалық-пайдалану қасиеттерін

жоғалту дәрежесі. Белгілі бір уақыт сәтіне орнатылады.

3.16 Энергетикалық аудит (энергаудит): Энергия үнемдеу мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау және сараптама қорытындысын, оның ішінде энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі ұсынымдарды дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау.

4 ТҮГЕНДЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Тұрғын үй қорын түгендеудің мақсаты тұрғын үй қоры, оның құрамы, техникалық жай-күйі, жөндеу мен қайта конструкциялау қажеттілігі туралы объективті деректер алу, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу болып табылады.

4.2 Түгендеу міндеттері:

- тұрғын үй қорының құрамын анықтау;
- ғимараттар мен құрылысжайлардың техникалық жағдайын бағалау;
- объектілердің құқықтық мәртебесін белгілеу;
- жөндеуді немесе жаңғыртуды қажет ететін ақауларды анықтау және есепке алу;
- бұдан әрі талдау және жоспарлау үшін деректер базасын қалыптастыру.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Көппәтерлі үйдің немесе тұрғын ғимараттың ортақ мүлкінің техникалық жай-күйі ғимараттың құрылымдық элементтерінің, инженерлік жүйелерінің және басқа бөліктерінің жай-күйін бағалауға бағытталған іс-шаралар кешені арқылы айқындалады.

Келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

- жоспарлы және жоспардан тыс қарап тексерулер (профилактикалық бақылау);
- жасырын ақауларды анықтау және тозуды есептеу мақсатында барлық құрылымдық элементтер мен инженерлік жүйелерді тексеруді қоса алғанда, ғимараттың жай-күйін жан-жақты тексеру үшін үздіксіз техникалық тексеру.

Техникалық тексеру күрделі жөндеу жұмыстарының немесе қажетті жұмыстардың көлемін анықтауға мүмкіндік беретін қайта құрудың алдында тұрғын ғимараттың жай-күйін бағалау үшін күрделі жөндеу мен қайта құруды жобалау кезінде жүргізіледі.

Техникалық тексеруді ғимараттың жай-күйін бағалау үшін тиісті аккредитациялары бар, әсіресе, күмән немесе даулы жағдайлар туындаған жағдайда қажет тәуелсіз сарапшылар жүзеге асырады.

Ғимараттың техникалық жай-күйін бақылау процесін ұйымдастыру (профилактикалық бақылау) кондоминиум объектісін басқару нысандары арқылы, яғни көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару үшін көзделген тетіктер арқылы жүзеге асырылады.

Ол үшін қарап тексерулер мен тексерулер жүргізуге жауапты қызметкерлер (басқарушы, техникалық персонал, инженерлер) тағайындалады.

Тұрақты қарап тексерулерді жоспарлау және жүргізу, сондай-ақ қажет болған жағдайда, жоспардан тыс тексерулер жүргізу. Жүргізілген қарап тексерулер, анықталған ақаулар, жүргізілген жөндеу жұмыстары және орындалған ұсынымдар бойынша құжаттаманы жүргізу.

Осы нысандар негізінде профилактикалық бақылау ғимараттың техникалық жай-күйіне қатысты мәселелерді уақтылы анықтауға және апаттар мен басқа да ауыр зақымдану қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

5.2. Жоспарлы қарап тексеруге тапсырыс беруші бекіткен қарап тексеру кестесіне сәйкес жүргізілетін, ҚР заңнамасының талаптарына және осы стандартқа сай жасалатын қарап тексерулерді қамтитын қарап тексерулердің барлық түрлері жатады.

Жоспарлы қарап тексерулер мүлікті күтіп ұстау, тексеру жұмыстарын орындау барысында жүргізілетін визуалды қарап тексеруді қамтиды [3].

Жоспарлы қарап тексерулер жылына екі рет - көктемде және күзде жүргізілуі керек.

КТҮ көктемгі қарап тексеру жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін немесе қар ерігеннен кейін жүргізіледі. Көктемгі қарап тексерудің мақсаты, қыс мезгілінде үйді пайдалануды ескере отырып, КТҮ ортақ мүлкінің жай-күйі туралы сенімді ақпарат алу. Нәтижесінде ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар тізімі жасалады. Сондай-ақ жұмыс тізіміне үйдің қауіпсіздігіне әсер ететін ақаулар мен зақымдар кіреді.


КТҮ күзгі қарап тексеру жылу беру маусымы басталғанға дейін жүргізіледі.

Қарап тексеру кезінде мыналардың жай-күйіне назар аударыңыз (1-сурет):

- қабырғалар, қасбеттер;
- шатырлардың төбелері, шатыржайдың және техникалық жерасты (жертөлелер) үстіндегі төбелер;
- терезе және есік толтырғыштары;
- мұржалар;
- су өткізбейтін жолақтан, терезе шұңқырларынан субұрғыштар.

Іргетастарды, жертөле қабырғаларын және жертөлени гидрооқшаулауға ерекше назар аудару.

1-сурет – Қарап тексеру жүргізу үшін КТҮ негізгі элементтері



Жоспардан тыс қарап тексерулерге [3] бекітілген қарап тексеру кестесінен тыс жүргізілетін қарап тексерулердің барлық түрлері жатады. Жоспардан тыс қарап тексерулер құрылыс конструкциялары мен инженерлік жабдықтардың зақымдануы немесе жұмысының бұзылуы кезінде жүргізілуі керек. Жоспардан тыс қарап тексеру кезінде инженерлік жабдықтың элементтері немесе ғимараттың (құрылысжайдың) жекелеген конструктивтік элементтері тексеріледі.

5.3. Тұрғын үй мен құрылысжайлардың техникалық жай-күйін алғашқы тексеру олар пайдалануға берілгеннен кейін екі жылдан кешіктірілмей жүргізіледі. Бұдан әрі ғимараттар мен құрылысжайлардың техникалық жай-күйін тексеру қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтін ғимараттар мен құрылысжайлар немесе олардың жекелеген элементтері үшін кемінде 10 жылда бір рет және бес жылда кемінде бір рет жүргізіледі (жебір орта, діріл, жоғары

ылғалдылық, 7 балл және одан жоғары аудан сейсмикалығы және т.б.).

Бірегей ғимараттар мен құрылысжайлар үшін тұрақты мониторинг режимін [5] белгілеу ұсынылады.

5.4. Ортақ мүліктің техникалық жай-күйіне сараптамалық бағалауды мамандандырылған ұйым кондоминиум объектісін басқару нысанының шешімі бойынша немесе үй-жайлар иелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша мынадай жағдайларда жүргізеді:

- тұрғын үйдің немесе құрылысжайдың конструкцияларының жалпы физикалық тозуы 60%-дан астам құрағанда, бұл жай-күйдің айтарлықтай нашарлағанын көрсетеді және бұдан әрі пайдалануды анықтау немесе күрделі жөндеу жүргізу үшін мамандардың шұғыл араласуын талап етеді;

- төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін (мысалы, қабырғалардағы жарықтар, іргетастың немесе шатырдың әлсіреуі) апатқа дейінгі сипаттағы салмақ көтеретін және қоршауыш конструкциялардың зақымдануы. Конструкцияларды қауіптілік дәрежесін анықтау және оларды жөндеу немесе нығайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу үшін сараптамалық бағалау жүргізу ұсынылады.

Тұрғын үйді пайдаланудың нормативтік мерзімдерін сарқу ҚР ЕЖ 1.04-102-2012-де көрсетілген Г қосымшасы бойынша қабылданады.

5.5. Көп пәтерлі үйдің немесе тұрғын ғимараттың ортақ мүлкінің жай-күйін анықтауды ұйымдастыру процесі ғимараттың нақты техникалық жай-күйін және оның құрылымдық элементтерін бағалауға бағытталған бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды. Осы кезеңдер объектіге бұдан әрі қызмет көрсету, күрделі жөндеу немесе қайта құрылымдау үшін қажетті жұмыстардың көлемін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

1) іргетасты, қабырғаларды, төбелерді, шатырларды және инженерлік жүйелерді қоса алғанда, тұрғын үйдің барлық бөліктерін кешенді қарап тексеру арқылы ғимараттың және оның элементтерінің нақты техникалық жай-күйін бағалау жүргізіледі.

Қарап тексеру барысында конструкциялардың ақаулары, зақымданулары, сондай-ақ тозу дәрежесі анықталады. Бағалау тек сыртқы түрін ғана емес, сонымен қатар жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін жасырын ақауларды да ескеруге тиіс.

2) Қарап тексеру нәтижелері бойынша конструкциялар сапасының нақты көрсеткіштерін сандық бағалау жүргізіледі. Әрбір құрылымдық элемент (қабырғалар, едендер, іргетас) үшін мыналарды анықтауға мүмкіндік беретін өлшеулер мен есептеулер жүргізіледі:

- конструкцияның нақты беріктігі және оның жүктемелерге төтеп беру қабілеті;

- жылу берудің кедергісі, яғни қоршауыш конструкциялардың үй-жайларда қолайлы температураны ұстап тұру қабілеті;

- ғимараттың энергия тиімділігі және басқа параметрлер (ылғалға төзімділік, дыбыс оқшаулау, жемірілуге төзімділік және т.б.).

Ескертпе – Осы көрсеткіштердің барлығы тұрғын үйді пайдалану кезінде сыртқы ортаның және басқа факторлардың әсерін ескере отырып, ағымдағы сипаттамалар мен ықтимал тәуекелдерді дәлірек бағалауға көмектесетін өзгерістерді ескере отырып анықталады.

3) Күрделі жөндеу немесе қайта конструкциялау үшін жұмыстардың құрамы мен көлемін белгілеу.

Конструкциялардың нақты жай-күйі мен сандық сипаттамаларын бағалау нәтижелері бойынша қажетті жөндеу және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының жоспары әзірленеді. Зақымдану мен тозу дәрежесіне байланысты күрделі жөндеу немесе қайта конструкциялау туралы шешім қабылданады.

Егер конструкция бұдан әрі қолдануға жарамды болса, бірақ оның функционалдығы мен қауіпсіздігін қалпына келтіру үшін айтарлықтай қалпына келтіру жұмыстарын қажет етсе, онда күрделі жөндеу тағайындалады. Ғимарат немесе оның элементтері өзінің пайдалану жарамдылығын толығымен жоғалтқан және құрылымдық бөлшектерді жаңартуды немесе

ауыстыруды қажет ететін жағдайларда, тұрғын үйді қайта конструкциялау туралы шешім қабылданады.

5.6. Ортақ мүліктің техникалық жай-күйін айқындауды ұйымдастыру мынадай кезеңдерді өткізуді ұйымдастыруды қамтиды:

- дайындық;
- ортақ мүліктің техникалық жай-күйін жалпы және егжей-тегжейлі айқындау;
- ортақ мүліктің техникалық жай-күйі туралы техникалық қорытынды жасау.

5.7. Дайындық кезеңінде кондоминиум объектісін басқару нысанының өкілдері мыналарды жүзеге асырады:

- мұрағат материалдарын, жобалау жүргізілген нормаларды зерделеу;
- бастапқы және иллюстрациялық материалдарды жинау.

Ортақ мүліктің техникалық жай-күйін айқындау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін бастапқы деректер мыналар:

- техникалық тапсырма;
- кондоминиумның ортақ мүлкі бойынша түгендеу материалдары;
- кондоминиум объектісін басқару нысанының өкілдері орындаған ғимараттың ортақ мүлкін қарап тексеру актілері.

5.8 Ортақ мүліктің техникалық жай-күйін айқындау мыналарды қамтитын жалпы тексеруге негізделеді:

- ғимараттың құрылымдық схемасы анықталады, қабаттар бойынша салмақ түсетін конструкциялар мен олардың орналасуы айқындалады;
- тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) ортақ мүліктің тізбесі айқындалады;
- жоспарлау шешімдері құрылымдық схемамен бірге талданады
- шатыр конструкциялары, есік және терезе бұғаттары, баспалдақтар, салмақ түсетін конструкциялар, қасбет тексеріліп, суретке түсіріледі;
- ғимаратты зерттеу мақсаттарына байланысты конструкцияларды қазу, ашу, зондтау орындары белгіленеді;
- ғимараттың жанында толтырылған жыралардың, термокарстық шұңқырлардың, көшкін аймақтарының және басқа да қауіпті геологиялық құбылыстардың болуы анықталады;
- ғимараттың құрылыстағы орналасуы түтін, газ, желдету арналарындағы тіреу тұрғысынан бағаланады.

5.10 Күрделі жөндеуді, жаңғыртуды немесе қайта конструкциялауды жобалау үшін техникалық жай-күйді айқындауды ұйымдастыру мыналарды қамтуға тиіс:

- солардың негізінде қорытынды жасалған құжаттық деректердің тізбесі;
- құрылысжай тарихы;
- қоршаған аймақтың сипаттамасы;
- сыртқы қарап тексеру бойынша ғимараттың жалпы мүлкі мен жай-күйінің сипаттамасы;
- ғимараттың физикалық және моральдық тозуын анықтау;
- ғимарат конструкцияларының сипаттамасы, олардың сипаттамалары мен жай-күйі;
- бөлшектері мен өлшемдері бар ғимарат конструкцияларының сызбалары;
- қолданыстағы жүктемелерді есептеу және салмақ түсетін конструкцияларды, негіздері мен іргетастарын салыстырып тексеру есептері;
- ғимараттың өлшемдік жоспарлары мен қималары, шурфтардың, ұңғымалардың жоспарлары мен қималары, ашу сызбалары;
- учаскенің геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары, негіз іргетастарының құрылыс және мұздатылған сипаттамасы (қажет болған жағдайда), пайдалану шарттары;
- ғимараттың авариялық жағдайының себептерін талдау (егер бар болса);
- қасбеттер мен зақымдалған конструкциялардың фотосуреттері;
- қорытындылар мен ұсынымдар.

5.11 Ортақ мүліктің техникалық жай-күйі туралы техникалық қорытынды төрт данада жасалуға тиіс. Бірінші данасы жобаны келісетін ұйымға, екіншісі Тапсырыс берушіге

жолданады; үшінші данасы жөндеуді жобалайтын ұйымға беріледі; төртіншісі техникалық қорытындыны құрайтын бөлімнің мұрағатында сақталады. Техникалық қорытынды жасау үшін ұсынылатын нысан ҚР ЕЖ 1.04-101-2012-де көрсетілген.

5.12 Жұмыстарды жүргізу уақытында конструкциялардың салмақ көтергіш қабілетінің күрт төмендеуіне, жекелеген конструкциялардың құлауына немесе жабдықтың қалыпты жұмысының елеулі бұзылуына, ғимараттың немесе құрылысжайдың орнықтылығын жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін конструкциялардың зақымдануы анықталған кезде, қалыптасқан жағдай туралы, оның ішінде жазбаша түрде объектінің меншік иесін, пайдаланушы ұйымды, жергілікті атқарушы билік органдарын және мемлекеттік құрылыс қадағалауын жүргізуге уәкілетті органдарды дереу хабардар етеді.

5.13 Ғимараттар мен құрылысжайлардың техникалық жай-күйін немесе оларды мониторингілеу кезеңін жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларға жұмыстарды орындаушылар, олардың бөлімшелерінің басшылары тікелей қол қояды және тексеру немесе мониторингілеу кезеңін жүргізген ұйымдардың басшылары бекітеді.

6. КОНДОМИНИУМНЫҢ ОРТАҚ МҮЛКІНІҢ ҚҰРАМЫ

6.1. *Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына* жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатыржайлар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы жер учаскесі және (немесе) үй маңайындағы жер учаскесі) жатады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамы бойынша деректер осы әдістеменде көрсетілген А қосымшасына сәйкес арнайы нысанға енгізіледі.

6.2. Үй-жай иелерінің ортақ мүлкінің құрамына мыналар кіреді:

а) жалпы пайдаланымдағы үй-жайлар;

б) төбелер, шатыржай үй-жайлары және техникалық қабаттар;

в) тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) салмақ көтергіш қоршауыш конструкцияларын (іргетастарды, көтергіш қабырғаларды, аралық тақталарды, балкон және өзге де тақталарды, салмақ көтергіш бағандарды және өзге де салмақ көтергіш конструкцияларды қоса алғанда);

г) біреуден артық тұрғын және (немесе) тұрғын емес үй-жайға қызмет көрсететін тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) салмақ көтермейтін қоршауыш конструкциялары (жалпыға ортақ пайдаланылатын үй-жайлардың терезелері мен есіктерін, баспалдақ қоршауларын, парапеттерді және өзге де қоршауыш салмақ көтермейтін конструкцияларды қоса алғанда) ***өртке қарсы бөгеліс ((өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер, клапандар, терезелер, перделер);***

д) тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) үй-жайдың сыртында немесе ішінде орналасқан және бір тұрғын және (немесе) тұрғын емес үй-жайға (пәтерге) қызмет көрсететін механикалық, электрлік, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтар, оның ішінде:

- тік бағаналардан, тік бағаналардан басталатын тік бағаналардың тармақтарында орналасқан бірінші ажыратқыш құрылғыға дейінгі тік бағаналардың тармақтарынан, көрсетілген ажыратқыш құрылғылардан, суық және ыстық суларды жеке (үйге ортақ) есепке алу аспаптарынан, тік бағаналардың пәтерішілік ажыратқыш бұрылысындағы бірінші реттеуіш-тиек шүмектерінен, сондай-ақ осы желілерде орналасқан механикалық, электрлік, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтардан тұратын суық және ыстық сумен жабдықтайтын және газбен жабдықтайтын үйге ортақ инженерлік жүйелер;

- тік бағаналардан, жылу беру элементтерінен, реттеуші және бекіту арматурасынан, жылу энергиясын есепке алудың ұжымдық (үйге ортақ) аспаптарынан, сондай-ақ осы желілерде орналасқан басқа да жабдықтардан тұратын үйішілік жылу беру жүйесі;

- енгізу шкафтарынан, енгізу-тарату құрылғыларынан, қорғау, бақылау және басқару аппаратураларынан, электр энергиясын есептеудің ұжымдық (үйге ортақ) аспаптарынан, қабаттар қалқандары мен шкафтарынан, жалпы пайдаланылатын үй-жайлардың жарықтандыру қондырғыларынан, өртке қарсы қорғаныс жүйелерінен (өрт дабылының, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды құлақтандыру және басқарулық, түтінге қарсы желдетудің, өрт сөндірудің автоматты жүйелері, лифтілерді негізгі эвакуациялау шығу жолдары қабатына түсіруге (көтеруге) бұғаттау жүйелері), жүк, жолаушылар және өрт лифтілерінен, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) кіреберіс есіктерінің автоматты жабылатын құрылғыларынан, сыртқы шекарадан электр энергиясын есептегіш жеке, жалпы (пәтерлер) аспаптарына дейінгі желілерден (кабельдерден), сондай-ақ осы желілерде орналасқан басқа да электр жабдықтарынан тұратын үйшілік электрмен жабдықтау жүйесі;

е) тұрғын үй (тұрғын ғимарат) орналасқан және шекаралары көгалдандыру және абаттандыру элементтері бар мемлекеттік кадастрлық есепке алу деректері негізінде айқындалған бір немесе бірнеше жер учаскелері;

ж) трансформаторлық қосалқы станцияларды, өртке қарсы қорғаныс жүйелеріне резервтік қуат беру көздерін, бір тұрғын үйге (тұрғын ғимаратқа) қызмет көрсетуге арналған жылу пункттерін, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) орналасқан жер учаскесінің аумағында орналасқан ұжымдық автотұрақтарды, гараждарды, балалар және спорт алаңдарын қоса алғанда, тұрғын үйге (тұрғын үй ғимаратына) қызмет көрсетуге, пайдалануға және абаттандыруға арналған өзге де объектілер.

6.3. Жалпыүйлік инженерлік жүйелерге пәтердің - тұрғын емес үй-жайдың, тұрақ орнының, қойманың сыртындағы немесе ішіндегі жүйелер мен екі (қос) және одан да көп пәтерлерге, тұрғын емес үй-жайларға, тұрақ орындарына, қоймаларға қызмет көрсететін жүйелер, атап айтқанда [2] мынадай жүйелер жатады:

- тік бағаналардан, тік бағаналардан бастап тік бағаналардың тармақтарына орналасқан бірінші ажыратқыш құрылғыға дейінгі тармақтардан, суық және ыстық суды есепке алу үйге ортақ аспаптарынан, тік бағаналардың пәтер ішіндегі тарату бұрмаларының алғашқы бекіту-реттеу крандарына дейінгі бұрмалардан, сондай-ақ осы желілерде орналасқан жабдықтан тұратын суық және ыстық сумен жабдықтау жүйесі;

- пәтерде, тұрғын емес үй-жайда бірінші ажыратқыш құрылғыға дейін тік бағаналардан, жылу беру элементтерінен, реттеуші және бекіту арматурасынан, үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарынан, сондай-ақ осы желілерде орналасқан басқа жабдықтан тұратын жылу беру жүйелері;

- тік бағаналардан, кәріз шығарындыларынан, фасондық бөліктерден (оның ішінде бұрмалардан, өтпелерден, келте құбырлардан, тексерулерден, үштіктерден), тығындардан, сору құбырларынан, су ағызатын құйғылардан, тазартқыштардан, тік бағаналардың тармақтардан, сондай-ақ пәтердегі, тұрғын емес үй-жайдағы алғашқы түйіспелі қосылыстарға дейін осы желілерде орналасқан басқа жабдықтардан тұратын су бұру жүйелері;

- енгізу шкафтарынан, енгізу-тарату құрылғыларынан, қорғау, бақылау және басқару аппаратурасынан, үйге ортақ электр энергиясын есептегіш аспаптардан, қабаттар қалқандары мен шкафтардан, жалпы пайдаланылатын үй-жайлардың жарықтандыру қондырғыларынан, түтін шығару жүйелерінің электр қондырғыларынан, жүк және жолаушы лифтілерінен (көтергіштерінен), сыртқы шекара желілерінен (кабельдерінен), сондай-ақ электр энергиясын есептегіш жеке аспаптарға дейін осы желілерде орналасқан басқа электр жабдықтарынан тұратын электрмен жабдықтау жүйелері;

- газ көзінен (сұйытылған көмірсутек газын пайдаланған кезде) немесе көрсетілген газ құбырларын газ тарату желісіне бекіту арматурасына (кранға) дейін, оның ішінде бір көппәтерлі тұрғын үйге газ беруге арналған сұйытылған көмірсутекті газдардың резервуарлық және (немесе) топтық баллондық қондырғыларының, газ құбырларындағы техникалық құрылғылардың, оның ішінде реттеуші және сақтандырғыш арматураның, үй-жайлардың газдануын бақылау жүйесінің, газды есепке алу аспаптарының тармақтарында орналасқан арматураға дейін салынған газ құбырларынан тұратын газбен жабдықтау жүйелері;

- қоқыс шығару, кондиционерлеу, термиялық реттеу және вакуумдау жүйелері - сондай-ақ пәтерде, тұрғын емес үй-жайда бірінші ажырату құрылғысына дейін осы желілерде орналасқан басқа да жабдықтар;

- газдану, түтіндеу және су басу дабылы құрылғыларынан, көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жабдықтарын автоматтандыру және диспетчерлеу жүйелерінен (домофон жүйелері мен жабдықтары, бейнебақылау), пәтерде, тұрғын емес үй-жайда, қоймада орналасқан жабдықты қоспағанда, телефон байланысы, теледидар және интернет қызметтерін көрсету жүйелерінен тұратын төмен тоқты инженерлік жүйелер;

- ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдық;

- өрт дабылы, өрт туралы хабарлама беру, адамдарды эвакуациялауды хабарлау және басқару, түтінге қарсы желдету жүйелерінен, автоматты өрт сөндіру қондырғыларынан, сыртқы және (немесе) ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінен тұратын өрттен қорғау жүйесі.

6.4. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің техникалық жай-күйін айқындау осы негізде жөндеу жұмыстары жөніндегі іс-шараларды айқындай отырып, ортақ мүліктің құрамы мен жай-күйін анықтауды қамтиды.

Ортақ мүліктің құрамы мен жай-күйі осы әдістеменің Б қосымшасында берілген.

6 ОРТАҚ МҮЛІКТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕРІ

7.1 Көппәтерлі үйдің ортақ мүлкінің техникалық жай-күйі оның өзара байланысты құрылымдық элементтерінің жұмыс қабілеттілігімен сипатталады. Тұрғын үйдің физикалық тозу дәрежесін бағалау ақаулардың, тозудың, зақымданудың болуымен, сондай-ақ жабдықтар мен инженерлік жүйелердің сақталу және жарамдылық дәрежесімен анықталады. Ортақ мүліктің техникалық жағдайы үй тұрғындарының қауіпсіздігіне, жайлылығына және өмір сүру ыңғайлылығына тікелей әсер етеді. Сондықтан тұрақты инспекциялар, техникалық қызмет көрсету және регламенттік тексерулер ортақ мүлікті жақсы жағдайда ұстауға және ықтимал проблемалардың алдын алуға көмектеседі.

7.2 Ортақ мүліктің техникалық жай-күйі оның физикалық тозуымен бағаланады және жүк көтергіштігінің жоғалуымен, жылу-дыбыс оқшаулау қасиеттерінің төмендеуімен және ауа өткізбеушілігімен сипатталады. Физикалық тозу ҚР ЕЖ 1.04-102-2012 сәйкес анықталады.


7.3 Ортақ мүліктің техникалық жай-күйін анықтау үшін қарап тексерулер мен техникалық тексерулер жүргізіледі.

Қарап тексеру техникалық тапсырма негізінде, көппәтерлі тұрғын үйді пайдалану жөніндегі бекітілген қағидалар, әдістемелер мен нұсқаулықтар бойынша фото - және бейнетіркеумен, Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өңдеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидаларын (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 31 наурыздағы № 172 бұйрығы) ескере отырып жүргізіледі.

7.4 Техникалық қарап тексерулер жүргізу қызметі жүйелі болып табылады және мынадай қарап тексерулер түрлерін қамтиды (2-сурет):

- визуалды қарап тексерулер;
- құралмен қарап тексерулер;
- техникалық тексерулер;
- мүліктің техникалық жай-күйін мониторингілеу.

2-сурет – Қарап тексеру (Тексеру) түрлері



7.5 Визуалды қарап тексерулер мүлікті ұстау жұмыстарын орындау процесінде жүргізіледі. Визуалды қарап тексеру үшін зақымданған жерлерді және ақауларға тән белгілерді анықтау үшін өлшем құрылғыларының жиынтықтары (штангенциркульдер, деңгей өлшегіштер және т.б.) қолданылады.

7.6 Қарап тексеру қорытындылары бойынша мүлікті күтіп-ұстау жұмыстарының көлемі мен мерзімділігі бойынша өзгерістер мен түзетулер енгізілуі мүмкін.

7.7 Құралмен қарап тексерулер, әдетте, құралдар мен аспаптарды, оның ішінде арнайы құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі. Мүліктің техникалық жай-күйін бағалау, мүлікті ұстау жұмыстарының құрамын айқындау және түзету мақсатында зақымданулар мен ақауларға тән белгілер анықталған кезде [4].

7.8 Техникалық тексеруге құралдарды, аспаптар мен жабдықтарды, оның ішінде зертханалық және арнайы жабдықтарды пайдалана отырып, мамандандырылған ұйымдар (зертханалар) тартылады. Тексерулер бақыланатын параметрлердің нақты мәндерін алу мақсатында, оның ішінде техникалық құжаттаманы және мүлік параметрлерін қалпына

келтіру және (немесе) өзектендіру кезінде жүргізіледі. Техникалық тексерулердің қорытындысы бойынша мүлікті күтіп-ұстау жұмыстарының құрамы да анықталуы және түзетілуі мүмкін.

7.9 Қарап тексеру және тексеру нәтижелері объектінің нақты ағымдағы техникалық жай-күйін, анықталған ақауларды, олардың себептерін, сондай-ақ ақауларды жою және олардың қайта пайда болуын болдырмау жөніндегі ұсынымдарды көрсететін техникалық құжаттаманың құрамдас бөлігі болып табылады. Ортақ мүлікті техникалық тексеру ықтимал қауіптерді уақтылы анықтайды және оларды жою бойынша уақтылы іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік береді, бұл ғимараттың сақталуына және қызмет ету мерзімін ұзартуға ықпал етеді [5].

7.10 Техникалық жай-күйді мониторингілеу өзінің кернеулі-деформацияланған жай-күйін өзгерткен конструкциялармен, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үй құрылыстар мен табиғи-техногендік әсерлердің әсер ету аймағына түскен кезде және т.б. жағдайларда болатын уақытша өзгерістерді анықтау қажет болған кезде ұйымдастырылады және жүргізіледі. Техникалық жай-күйге мониторинг жүргізу тәртібі ГОСТ 31937-де берілген.

7.11 Ортақ мүліктің құрылыс конструкцияларының техникалық жай-күйін анықтау зақымдану дәрежесін, техникалық жай-күйдің санатын және одан әрі пайдалану немесе күрделі жөндеу жүргізу мүмкіндігін анықтаудан тұрады. Техникалық жағдайды бағалау ортақ мүліктің құрылыс конструкцияларының беріктігін, тұрақтылығын, деформациясын және пайдалану сипаттамаларын сипаттайтын шекті рұқсат етілген (есептік немесе нормативтік) және нақты мәндерді салыстыру арқылы жүргізіледі.

7.12 Ортақ мүліктің құрылыс конструкцияларының техникалық жай-күйін бағалау өлшемшарттарының жол берілетін шекті мәндері ретінде жүктеме мен әсердің есептік схемалары, материалдар мен конструкциялардың беріктік физикалық-механикалық және өрт қауіпті сипаттамалары қабылданады;

- жобалық құжаттамадан; түгендеу материалдарынан жалпы құрылыс мүлкінің геометриялық параметрлері.

7.13 Мүліктің сыртқы қабырғаларының техникалық жай-күйін анықтау әртүрлі бөлшектердің шөгуді, материалдардың сапасын, жобалау кезіндегі қателіктерді, жарықтардың пайда болуын, көп қабатты панельдердің қатуын, панель түйіспелерінің герметикасының ашылуын бағалауды және анықтауды қамтиды.

7.14 Ортақ мүліктің төбелерінің техникалық жай-күйін анықтау бояу немесе қорғау қабатының, жоталардың, бүктемелердің, сұйықтардың, асып кетулердің және оларды балдақтарға бекітудің жай-күйін, қабырға науаларының, суағар құбырларының науалары мен шұңқырларының жай-күйін, жемірілудің, тесіктердің және жырықтардың болуын тексеруді қамтиды.

7.15 Ортақ мүлік баспалдақтары конструкцияларының жай-күйін айқындау мынадай ақауларды анықтауды қамтиды: металл қиғаштарының жемірілуі, темірбетон марштарының майысуы, марштардың қабырғаларға жанасуының тығыздығы емес, баспалдақ алаңдары мен сатылардағы жарықтар, сатылардағы ойықтар, қоршауларды, тұтқалар мен сақтандырғыш торларды бекітудің әлсіреуі, баспалдақ алаңдарындағы едендердің әрлеу қабаты мен керамикалық плиткаларының бұзылуы.

7.16 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің техникалық жай-күйін айқындау тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) техникалық түгендеу деректеріне негізделеді.

7.17 Техникалық түгендеу жүргізу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

- пәтер, тұрғын емес үй-жайлар, ғимараттар иелерінің тізімі жасалады және нөмірлеу нақтыланады;

- техникалық тексерулер мен қарап тексерулердің материалдары, шаруашылық кітаптар зерделенеді;

- толық көлемде және белгіленген мерзімде түгендеу үшін қажетті персоналдың саны анықталады;

- жұмыстарды жүргізуге сметалар жасалады;

- тексерілетін аумақты учаскелерге бөлу жүргізіледі;
- өндірістік персоналды іріктеу және дайындау (нұсқаулықтармен танысу және сынақ жұмыстарын жүргізу);
